

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ

21 сәуір 2021 жыл,

Атырау қаласы.

Қатысушылар:

1. Ихсанов Е.У. -институт ректоры,кеңес төрағасы,
2. Қарабаев Б.Қ.- мүше,кеңес төрағасының орынбасары,
- 3.Хасанова Ж.С.-мүше,
- 4.Биғали Е.А.-мүше,
- 5.Қыздарбаев Р.Р.-мүше,
- 6.Қуанов М.С.-мүше,
- 7.Абдешев Б.А.-мүше
- 8.Қалиева А.Т.-мүше.

Бір адам, А.Е. Әділов дәлелді себеппен қатыса алмады.

Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі кеңесінің жоспарына сәйкес **КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Институт жатақханасында әлеуметтік-тәрбие жұмыстарының талапқа сай ұйымдастырылуы туралы

Жатақхана коменданты А.Т.Қалиеваның есебі.

Дайындаушы: Қуанов М.С.

2. Атырау инженерлік – гуманитарлық институты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның алдын алу шараларының құқықтық - тәрбиелік негізде жүргізілуі және «АИГИ Адалдық алаңының» жұмыстары туралы

«АИГИ Адалдық алаңы» жобалық кеңесі жетекшісі Р.Р.Қыздарбаевтың есебі.

Қосымша баяндама жасаушы Е.А.Биғали.

ТЫҢДАЛДЫ: 1-мәселе бойынша :Жатақхана коменданты А.Т.Қалиева биылғы оқу жылында студенттермен оқу процесінен бос мезгілдерінде атқарылған іс-шаралар мен кезекті міндеттер,өзекті мәселелер туралы айтты.

Институт жатақханасында алыстан келіп оқитын студенттер үшін барлық жағдайлар жасалып отыр.Тәрбие жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп келеді.Әлеуметтік жағдайлары

төмен отбасылар мен жалғыздікті, жетім балалар тізімі жасалып, қамқорлыққа алынды. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы мен жастар комитетімен бірлесіп білім алушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуге арналған мәдени-көпшілік, тәрбиелік шаралар, кештер өткізіліп келеді. Әр түрлі үйірмелер, клубтар жатақханада студенттердің демалыс мезгілдерінде шаралар өткізіп отырылады. Сонымен қатар жатақхананың кемшін істері мен өзекті мәселелері де айтылды.

2. Қосымша баяндамашы экономика-гуманитарлық факультет деканы

М.С.Қуанов толықтырып, жатақханада атқарылып жатқан істермен қатар кемшін жайлар да бар екенін айтты. Тексеріс барысында мұнда интернет байланысы вайфайының көптен жасамай тұрғанын, кейбір бөлмелердің есік құлыптары бұзықтығын, қабырғаларда көрнекі үгіт стенділер жоқтығын сынға алды.

Сөйлеушілер: ректор Е.У.Ихсанов : - Интернет студенттер үшін маңызды, ол тұрақты жасап тұру керек. Біз ай сайын Казтелекомға миллиондап байланыс ақысын кідіртпей төлеп отырмыз. Яғни істі қадағалап, талап қою жағы төмен. Кір жуу машинасын, газ плитасын алып бердік, душ бөлмесін жасадық, бірақ жағдай біз күткендей емес. Шұғыл бұл істі шешіңіз Алмагул Тарихқызы.

Проректор Ж.С.Хасанова:- Жатақхана оқып жатқан кезінде студенттің үйімен бірдей. Мұнда барлық коммуналдық жағдайлар болуы тиіс. Ыстық су берілмеуі ,душовой тұрақты жасамауы дұрыс емес, мамандарымыз бар институтта, шұғыл бір аптада жағдайды түзеу керек. Тексеру келсе бұл кешірімсіз жағдай.

Проректор Б.Қ.Қарабаев:-Әрбір дүйсенбіде жоспарлау кеңесінде Алмагул Тарихқызына тапсырма беріледі, бірақ орындалуы талаптан төмен, созылап кетеді. Жатақханада көрнекі стенділер жасату, студенттік өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесіп жұмыс жасауды талап еттік. Қазір карантин жағдайында студенттер онлайн жағдайында оқып жатқан кезде жатақханадағы жағдайларды түзеп алу керек. Босбелбеулікке жол беруге болмайды. Соңғы рет ескертеміз.

II-мәселе бойынша: Атырау инженерлік – гуманитарлық институты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның алдын алу шараларының құқықтық - тәрбиелік негізде жүргізілуі және «АИГИ Адалдық алаңының» жұмыстары туралы «АИГИ Адалдық алаңы» жобалық кеңесі жетекшісі Р.Р.Қыздарбаев баяндады. Студент жастардың бойын әділдік және адалдық құндылықтарына тәрбиелеу мақсатында Атырау инженерлік-гуманитарлық институтында «AIGI ADALDYQ ALANY» жобалық кеңесі жасалып, жұмысын жүргізуде. Тәрбиелік ықпалы үлкен осынау кеңсе жастардың бойында оңтайлы моральдық қасиеттерді нығайтуға, сонымен қатар парасаттылыққа және адалдыққа тәрбиелеуге бағытталып отыр. «АИГИ Адалдық алаңы» жобалық кеңесінде жаңа бірнеше кітапшалар жасап қойылды. Институттың "Адалдық алаңында" әрбір білім алушы «Гуманитарлық білім: 100 жаңа оқулық» жобасы аясында дайындалып келген, өздеріне қажетті оқу-әдістемелік, заңдылық қағидаттары туралы оқулықтарды таба алады. «Адалдық алаңының» Сатушысыз дүкені де жасақталды, - деді Руслан Қыздарбаев.

Қосымша баяндама жасаушы Тәртіптік кеңес комиссиясы төрағасы Е.А.Биғали:
- Институтта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының 2015

жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына және ҚР БҒМ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жоғары оқу орындарымен алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау бойынша әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес жүзеге асырылып келеді. Көптеген іс-шаралар арнайы жоспарға сәйкес өткізіліп келеді. Институт сайтында коррупция мәселесіне орай бетше де жасалды.

Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен күрес, оның алдын алуда құқықтық тәрбиелік шаралар өткізуде олқы тұстарымыз да бар екені рас. Біздің кафедралар, деканаттармен тәрбие бөлімінің байланысы, бірлескен жұмыстары баяу. Жастар комитетінің студент жастармен жұмыстарын да ширатуды, қазір онлайн жағдайында жұмыс әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, игеру керектігін баса айту қажет.

Проректор Ж.С.Хасанова: Жұмыстарыңыз бар жасап жатқан, дегенмен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау жолында жұмыс әлі жеткіліксіз. Оқытушылардың диплом сатуы, жасап беруі, т.б. фактілерді анықтау мүмкін болмай тұр. Студенттердің ононимді сауалнамаға қатысуының тиімді әдістерін табу керек. Сайтты пайдалану осы ретте керек. Осы жайларға мән беріңіздер.

Проректор Б.Қ.Қарабаев:- Жастар комитеті дебат клубы жұмысын жандандыруды қолға алуды айтып келеміз. Кітап оқу, «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша шараларды, әсіресе құқықтық білім саласында онлайн жағдайында өткізуге мән беріңіздер. Бұл министрлік талабы деп түсіну керек. Жалпы сыбайлас жемқорлық мәселесін бір сәт те босаңсытуға болмайды.

Атырау инженерлік – гуманитарлық институтының әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі кеңесі отырысы ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Кеңес отырысында қаралған бірінші мәселе бойынша атқарылған біраз жақсы жұмыстармен қатар кемшіліктер, өзекті шешімін күткен мәселелер де бар. Пандемия індетіне орай карантин шараларына сәйкес студенттер қашықтан оқитын болғандықтан көп шаралар өтпей қалып отыр. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы жұмысымен жатақхананың байланысы нашар. Жатақханада тәрбиелік көрнекі құралдар, стенділер, жастар өмірі тынысы туралы ақпараттық бетшелер, көрнекіліктер жасалмай тұр. Комуналдық мәселелер де жеткілікті.

Кеңес отырысындағы екінші мәселе бойынша атқарылған біраз іс-шаралар бар. Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен күрес, оның алдын алуда құқықтық тәрбиелік шаралар өткізуде олқы тұстар да бар. Кафедралар, деканаттармен тәрбие бөлімінің байланысы, бірлескен жұмыстары баяу. Жастар комитетінің студент жастармен, студенттік өзін-өзі басқару ұйымымен жұмыстарын да ширату, қазір онлайн жағдайында жұмыс әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, игеру қажет.

Осындай өзекті мәселелерді қатерге ала отырып, кеңес отырысы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жатақханада әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын жақсарту мақсатындағы іс-шаралар жетілдірілсін. Жатақхананың интернет байланысы мен вайфайы, тұрмыстық-комуналдық жабдықтарының жетіспеушіліктерін жою жатақхана меңгерушісі мен

- тиісті бөлімдердің бірлесіп бір ай ішінде орындалуын қамтамасыз етсін.(А.Т.Қалиева,Б.Д.Омаров)
2. Жатақхана мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымы мен жастар комитеті,тәрбие бөлімі мен кураторлардың бірлескен жұмыстары жақсартылсын.(Р.Р.Қыздарбаев,А.Е.Әділов)
 3. Институт жастарының тыныс-тіршілігі мен мәдени,тәрбиелік шараларының көрнекі стенділері,бетшелері дайындалып, қабырғаларда ілінуін жатақхана меңгерушісі мен жастар комитеті,тәрбие бөлімі,деканаттар қамтамасыз етсін.(А.Т.Қалиева,Р.Р.Қыздарбаев,М.С.Қуанов,Б.М.Әбдешев)
 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл,оның алдын алу шараларының құқықтық тәрбиелік негізде жүргізілуі және «АИГИ Адалдық алаңының» жұмыстары бойынша жұмыстар жандандырылсын. (Р.Р.Қыздарбаев,Е.А.Биғали)
 5. «АИГИ – жемқорлықсыз ұжым» атану жолында құқықтық тәрбие , ұйымдастыру-көпшілік іс-шараларды Тәртіптік кеңес комиссиясы ,»АИГИ Адалдық алаңы» кеңсесі мен барлық деканаттар,кафедралар,студенттік өзін-өзі басқару ұйымы бірлесе батыл жүргізісін.(Е.А.Биғали,Р.Р.Қыздарбаев, М.С.Қуанов,Б.М.Әбдешев,Ш.С.Нұржанова,Н.М.Қақпанбаева,Б.Ж.Исеев,М.Л.Ликаров,М.А.Матжанова)
 6. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша институт Тәртіптік кеңесі комиссиясының жұмысын жетілдіруге назар аударылсын.(Е.А.Биғали)
 7. «АИГИ Адалдық алаңы»,»Саналы ұрпақ»,»Гладиатор» дебат клубы, «Жалын» жас ақындар мен оқырмандар клубының, «Парасаттыдық мектебі» жобалық кеңселерінің,т.б. жастар үйірме-ұйымдарының жұмыстары жандандырылсын. Олардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатындағы тәрбиелік шараларын кең көлемде өткізулері қамтамасыз етілсін.(Б.Қ.Қарабаев,Е. А.Биғали,Р.Р.Қыздарбаев,С.Ниғматуллина, барлық кураторлар)

Кеңес төрағасы :

Е.У.Ихсанов.

Кеңес хатшысы:

Е.А.Биғали.

